



ҚАЗАҚ-ТҮРІКМЕН ҚАТЫНАСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен телефон арқылы сөйлесті.



Мемлекет басшылары қазақ-түрікмен қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанына назар аударып, Қазақстан Президентінің биыл күзде Түрікменстанға жоспарланған сапарының дайындық барысын талқылады. Әңгімелесу барысында көлік-логистика, энергетика, мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңызды екені атап өтілді.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ОҢ ДИНАМИКА БАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановты қабылдады.



Президентке өңірдің биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп берілді.

Марат Ахметжановтың айтуынша, өңдеу өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінде, көлік қызметі мен байланыс саласында оң динамика байқалады. Сонымен қатар облыс әкімі экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін қолға алынған шаралар туралы айтты. Агроөнеркәсіп саласында дәнді дақылдардан 5 миллион тоннадан астам өнім алу көзделіп отыр. Мемлекеттік қаржы институттарының қолдауымен 7 ірі тауарлы сүт фермасы салынуда. Биыл өңдеу өнеркәсібінде 9 жобаны іске қосу жоспарланған. Жалпы, облыс экономикасына 179 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Өңірдің инвестициялық портфелінде 187 жоба бар. Олардың аясында 1,7 мың жұмыс орны ашылмақ. Облыс экономикасын одан әрі әртарап-тандыру мақсатында Аршалы ауданында республикалық маңызы бар Ақмола индустриялық аймағы құрылды. Әлеуетті инвесторларды тарту және оларға «бір терезе» қанғасы бойынша қолдау көрсету үшін елордада Ақмола invest инвестицияларды дамыту орталығы ашылды.

Президентке су тасқынының салдарын жою және зардап шеккен азаматтарды қолдау шараларының орындалу барысы жөнінде мәлімет берілді. Бүгінде 711 үй толық жөндеуден өтті. 331 үйдің құрылысы жүріп жатыр, 221 тұрғын үй сатып алынған. 1782 отбасыға бір реттік көмек берілді. 814 отбасы-

ның мүлкіне келген залал өтелді. Жабай және Қылшақты өзендерінің арналары тазартылып, айналма каналдар салынып жатыр. Сонымен қатар жағалауларды нығайту жұмыстары қолға алынған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылыту маусымына дайындық, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және облыс орталығын абаттандыру туралы баяндалды. Көкшетау қаласының тұрғын үй қорын жаңғырту және жаңарту үшін 150 ескі үйді бұзу, сондай-ақ 32 көпбөтелі үй салу жоспарланған. Биыл 2 мыңнан астам отбасының баспана жағдайы жақсарды. Көкшетау, Степногорск және Атбасар қалаларында жалпы ұзындығы 26,4 шақырым болатын жылу желісі жөнделіп жатыр. Бұл желілердің тозу деңгейін орта есеппен 4,2 пайыз төмендетуге мүмкіндік береді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 9 мектептің құрылысы аяқталады. Оның төртеуі жаңа оқу жылы басталғанға дейін пайдалануға беріледі. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы бойынша 43 мың тұрғынға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 38 нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр.

Кездесу соңында Президент Ақмола облысының стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Мемлекет басшысы өңірдің еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқаратынына назар аударып, агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту, соның ішінде егін жинау науқанын уақтылы әрі сапалы атқару маңызды екенін атап өтті.



ӨЗАРА ТИІМДІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентінің көмекшісі Саида Мирзиёеваны қабылдады. Кездесу барысында екі ел арасындағы көпжақты серіктестікті одан әрі ілгерілетуге қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстанның одақтастық әрі стратегиялық сипаттағы қарым-қатынасын атап өтіп, жоғары деңгейдегі саяси диалогтің тиімділігін арттыра түсу үшін екі ел

президенттерінің әкімшіліктері арасындағы тығыз байланысты жолға қою маңызды екеніне назар аударды.

Кездесуде ақпараттық-идеологиялық, мәдени-гуманитарлық, білім беру және жастар саясаты салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту мәселесіне айрықша мән берілді.

Президент Астанада халықаралық «Заковат» интеллектуалдық ойынының өткізілуіне қолдау білдіріп, мұндай іс-шаралар халықтарымыздың арасын жақындата түсетінін атап өтті.



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.

Президентке Қордың биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің негізгі қорытындылары және алдағы жұмыстарының жоспары таныстырылды.

Нұрлан Жақыповтың айтуынша, басты өндірістік көрсеткіштер жоспарға сәйкес атқарылып отыр. Қордың кірісі 7,9 триллион теңгені құрады. Бұл белгіленген жоспардан 7 пайызға артық.

Қор тікелей шетелдік инвестицияның катализаторына айналды. Сонымен қатар мұнай-газ химиясы, энергетика, көлік және логистика, машина жасау, цифрландыру салаларындағы жо-

баларға шетелдік серіктестерімен бірлесіп инвестиция құяды.

Мемлекет басшысына «Самұрық-Қазына» тобының инвестициялық портфелінде жалпы сомасы 53,5 триллион теңге болатын 130-дан астам жоба бар екені баяндалды. Мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, логистика салаларында және тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асырылатын жобалар ел экономикасына мультипликативті әсер етеді деп күтілуде.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қордың бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясындағы қайырымдылық жобалары туралы мәлімет берілді. Елімізде 40 оналту орталығы ашылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ Қор жұмысын одан әрі жетілдіру жөнінде нақты тапсырма берді.

СЫҢ САҒАТТА СЫР БЕРМЕЙ, СҮРІНБЕДІК...



Ресми мәліметке жүгінсек, шілде айының қорытындысында қарғын судан зардап шеккен қазақстандықтарға 4 790-нан астам жаңадан тұрғызылған немесе нарықтан сатып алынған үй мен пәтерлер табысталып болды.

» 4
БЕТ

ҰЛТ ТӘРБИЕСІ ҰЯТТАН ҚҰТҚАРАДЫ



6
БЕТ

ПАРИЖ ПАШ ЕТКЕН ЕСІМДЕР



8
БЕТ

ЕЛ ШІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН ТАНЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары мен реформаларын халық арасында түсіндіру мақсатында сенаторлардың аймақтардағы сапары жалғасып жатыр.



Алматыда жана Салық және Бюджет кодекстерінің негізгі мәселелері және оларды іске асыру жолдарын талқылауға арналған кездесу болды. Шараға Парламент Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов пен депутат Нурия Ниязова, Қаржы және ұлттық экономика министрліктерінің өкілдері, Алматы қалалық мәслихатының депутаттары, әкімдік өкілдері, жұртшылық және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшелері қатысты. Шара жаңа заңнамалық бастамалар бойынша жан-жақты талдау мен пікір алмасуға арналды.

Сенаттың Конституциялық заңнама, Сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров Шымкент қаласындағы №6 емхананың қызметімен танысты. Емханада консультативтік-диагностикалық бөлімше, Отбасылық денсаулық сақтау орталығы, емдеу-алдын алу бөлімі және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімі жұмыс істейді. Дәрігерлер мұнда 22 сала бойынша кеңес береді, диагностикалық және зертханалық зерттеу жүргізеді және психологиялық көмек көрсетеді. Нұрлан Бекна-

заров денсаулық сақтау саласының міндеті — азаматтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру және денсаулығын жақсарту екенін атап өтті. Депутат «Колжетімді баспана» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Бозарық» шағынауданында салынып жатқан тұрғын үйлерді де аралады. Сенатор аз қамтылған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің маңызына тоқталды және құрылыс жұмыстарының сапасын атап өтті. Ол сондай-ақ «А-2 Қорғас—Алматы—Шымкент—Өзбекстан Республикасының шекарасы» автомобиль жолын қайта жаңғырту жөніндегі құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Сенат депутаты Айнұр Арғынбекова Семей қаласындағы медициналық жедел жәрдем ауруханасының дәрігерлер қауымымен кездесті. Мекеменің өзекті мәселелері мен мұқтажын талқылау — кездесудің басты мақсаты болды. Медицина қызметкерлері кездесу барысында аурухананың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының жарамсыз жағдайына алаңдаушылық білдірді. Атап айтқанда, жергілікті астында қалып, ғимараттың іргетасына орасан зор зақым келген болатын. Айнұр Арғынбекова денсаулық

сақтау ісінде көптеген проблемалық мәселе бар екенін және олар шұғыл шешуді талап ететінін атап өтті.

Сенатор Сағындық Лұқпанов Атырау облысындағы Құрманғазы ауданында болып, кәсіпкерлермен және аудандық мәслихат депутаттарымен кездесті. Жүздесу кезінде оларды жоғары заң шығарушы органның жұмысымен таныстырды және палата қызметінің қорытындылары туралы айтып берді. Өткен сессия барысында қабылданған заңдардағы негізгі жаңалықтар туралы жан-жақты хабардар етілді. Кездесу барысында жергілікті тұрғындарды толғандыратын мәселелер де талқыланды. Сондай-ақ мәслихат депутаттарының денсаулық сақтау және жол саласындағы заңнаманы жетілдіру, өңірлі ауызсумен қамтамасыз ету туралы ұсыныстары айтылды. Депутат ауданға сапар барысында 60 пәтерлі тұрғын үй құрылысымен де танысты.

Сенат депутаты Бекболат Орынбеков Жамбыл облысына сапары барысында Тұрар Рысқұлов ауданында болды. Ол Қайыңды ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пунктін, Ақыртөбе ауылындағы мәдениет үйінің, Малдыбай ауылындағы мектептің, сондай-ақ Жанатұрмыс ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені мен мәдениет үйінің құрылысымен танысты. Бекболат Орынбеков жұмыстарды сапалы және уақтылы аяқтаудың маңыздылығын атап өтті. Ол жаңа медициналық, білім беру, мәдени және спорттық нысандар жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасы мен қызметтердің қолжетімділігін жақсартуда шешуші рөл атқаратынына тоқталды.

Депутат Меркі ауданында болып, Ақтоған ауылындағы Тілеміс батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектептің, Мыңқазан ауылындағы №30 мектептің және Ойтал ауылдық округіндегі №48 мектептің құрылысымен танысты. Ол сондай-ақ Рысқұлов ауылында дәрігерлік амбулатория құрылысын да көрді.

Сенатор Айгүл Қапбарова Шымкент қаласына сапары барысында «Конгресс-холл» көпфункционалды мәдени орталығының қызметімен танысты.

Үкіметте Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы азық-түлік инфляциясының көрсеткіштері талқыланды.

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ — ҮКІМЕТ НАЗАРЫНДА



Жылдық мәнде инфляцияның өсуі бірінші жартыжылдықта 8,6%-ды құрады. Оның құрамдас бөліктерінің ішіндегі ең төменгі баға өсімі азық-түлік тауарларында (5,5%) тіркелді, әлеуметтік маңызы бар өнімдердің үлесі 0,1%. Азық-түлік емес тауарлардың бағасы 7,3%-ға, ақылы қызметтер 14,5%-ға өсті.

Кеңесте Қарағанды облысында бірінші сұрыпты ұннан жасалған нанның бағасының өсуіне (0,2%) ерекше назар аударылды. Белгілі болғандай, облыстың бір нан зауыты коммуналдық шығындардың көбеюіне байланысты бағасын 5 теңгеге көтерді. Серік Жұманғарин өңірге әлеуметтік нан өндіруді арзандату мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Бағаны төмендетуге Қазақстанның егіс алқаптарынан кеш өнім жинау көмектеседі. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 1 тамызда оңтүстік аймақтардан картоп (226,6 мың тонна), сәбіз (71,4 мың

тонна), қырыққабат (368,5 мың тонна), пияз (108 мың тонна) жеткізіле бастады. Сонымен қатар іс жүзінде барлық өңір алдағы маусымаралық кезеңге арналған күзгі көкөніс өнімдерін шарттастырып қойды: сәбіз бойынша — қажеттіліктің 117%-ы, пияз бойынша — 172%, картоп бойынша — 99%, қырыққабат бойынша — 87%.

«Біздің басты міндетіміз — әлеуметтік маңызы бар өнімдердің дүкен сөрелерінде қолайлы және тұрақты бағамен болуы. Бағаның сәл өсуі кезінде біз әр өнімнің бағасының өсу себептерін бірден зерттеуіміз керек. Қажет болған жағдайда мемлекеттік қолдау шараларын қолға аламыз. Жакында инфляция бойынша жалпы кеңес өткізіп, барлық инфляциялық құрамдас бөліктерді ескере отырып, азық-түлік бағасын тұрақтандыруға қажетті шараларды қарастырамыз және әзірлейміз», — деп қорытындылады кеңесті вице-премьер.



Қостанайда ауыл әйелдерінің форумы өтті. Республиканың ең белсенді ауыл әйелдері бас қосып, ауылдың тұрақты дамуына қатысты сындарлы ұсыныстарын білдіре алатын форум осымен алтыншы рет ұйымдастырылып отыр.

АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

Ауыл әйелдерінің форумы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және ауыл тұрғындарын нәтижелі жұмыспен қамту арқылы ауылдың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттырудың жолдарын іздейтін, бастамаларды талқылайтын алаңға айналды.

Аталмыш жиында Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының өкілдері бас қосты.

— Соңғы алты жылда аймақтарда ауылдық әйелдер форумын өткізу дәстүрге айналды. Жеке шаруа қожалықтарының дамуын, мемлекеттік бағдарламалардың жаңалықтарын, әлеуметтік саладағы жетістіктерді бас қосып, талқылап жатырмыз. Форумға қатысушылар Coca-Cola Belestegi жобасының бизнес негіздері және Farmer school онлайн фермерлік шаруашылығы бойынша тренингтер арқылы практикалық білім алады», — деп түсіндірді Қазақстан ауыл әйелдері

форумын ұйымдастыру комитетінің төрайымы, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің IV, V, VI шақырылымдары депутаты Майра Айсина.

Форумға келген 200-ге жуық қонақтың ішінде кәсіпкерлер мен әлеуметтік нысан өкілдері бар. Тағы біршама қатысушы Қостанайдағы форумға онлайн қосылды. Кәсіпкерлер еңбегінің жемісін жыл сайынғы Coca-Cola Belestegi байқауының жеңімпаздары мен Қостанай облысы колонершілерінің қатысуымен ұйымдастырылған өнім жәрменкесінде көруге болады. Қонақтар қолдан жасалған зергерлік бұйымдарды, қолөнер, сүт өнімдерін, ойыншықтарды, үй тоқыма бұйымдарын және сәндік бұйымдарды сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

Өңірлік форумдардың нәтижесі қарашада Астанада өтетін Қазақстан ауыл әйелдерінің VII республикалық форумы алаңында қорытындыланбақ.



ЖАУЫР БОЛҒАН ЖОЛ ЖЫРЫ

Алматы облысында жөндеу жұмыстары жылдарға созылып, қазынаның қаражатын құмға сіңген судай етіп, қылғытып жатқан үлкенді-кішілі жолдар бар. Кеген, Нарынқол, Балқаш сынды шалғай аудандарды қоспағанда, берісі республикалық, арысы халықаралық маңызға ие күре жолдардың арасында да жөндеу жұмыстары сағыздай созылып, жүргізушілерді зар илетіп, жолаушыларды әбден түңілдірген жол бөліктері кездеседі. Соның бірі — қазіргі облыс орталығы Қонаев қаласы мен бұрынғы Күрті ауданының орталығы Ақшиді жалғастырып, одан әрі Балқаш пен Қарағанды қалаларына жеткізетін, Астанаға апаратын күре жол.



Болат АБАҒАН

Осы аса маңызды күре жолдың «Күрті — Бұрылбайтал» деген бөлігіндегі жөндеу жұмыстарының жүріп жатқанына жеті жылдан асты. «Қонаев — Күрті» бөлігінің жұмысы да жылдарға жалғасып, бітіп болмады. Осы жылдар аралығында Алматы облысы екіге бөлініп те кетті. Жолдардың жыры әлі таусылған жоқ.

Кейінгі жылдары экономиканың күретаымы саналатын жолдардың сапасына мемлекеттік тұрғыда баса назар аударылып, жолдар салу мен бұрыннан барларын жөндеуге талаптар барынша күшейтілді. Ел Президентінің өзі осынау елдік маңызы бар мәселеге айрықша көңіл бөліп, мемлекет дамуына қатысты алқалы жиындарда жиі қозғап, нақты міндеттер жүктеп келеді. Осыған орай Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет еліміздегі жол салу және жөндеу саласын қатаң бақылауға алып, өз міндеттері ауқымында аталған саладағы жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты түрде сыртқы талаулар жүргізуде.

Жол құрылысының сапасына ашық және тұрақты бақылауды қамтамасыз ету үшін мониторингтік жұмыс тобы құры-

лыпты. Жұмыс тобына жолаушылар келігі және автомобиль жолдары басқармасы, «ҚазАвтоЖол» филиалдары, жол активтері сапасының ұлттық орталығы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілер енгізілген. Осындай топ Алматы облысы бойынша да жұмыс жүргізуде. Жақында арнайы топ Алматы — Астана автотрассасына арнайы шығып, осы күре жолдың жүрт көңілін алаңдатып отырған «Қонаев — Күрті», «Күрті — Бұрылбайтал» бөліктеріндегі жөндеу жұмыстарының барысына назар салды. Шамалған айналма жолына да көңіл

аударды. Аталған жол нысандарында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары биыл немесе келер жылы толық бітіп, пайдалануға берілуге тиісті. Жобалардың құны шамамен 25-46 млрд теңге аралығында деп бағаланған. Нысандардағы жұмыстарға мердігер ұйымдардың 775 қызметкері және 314 техникасы жұмылдырылыпты.

Жұмыс тобы мониторинг барысында бас мердігерлермен бірлесіп отырып, жүргізіліп жатқан және алдағы кезде жалғасатын жұмыстардың және қолданылып жатқан материалдардың сапасын, сондай-ақ олардың сметалық құжаттамаға сәйкестігін мұқият тексерді.

Бұған дейін «Күрті — Бұрылбайтал» нысанында 1,7 млрд теңгенің (жалпы құны 29,9 млрд теңге) сапасыз орындалған жұмыстары анықталған. Өкінішке қарай, жұмыс сапасының нашарлығына қарамастан, шала-шарпы атқарылған істер бойынша төлем толық көлемде жүргізіліпті. Дегенмен нысанды тапсыру мерзімі әлі келмегендіктен, кемшіліктерді жөндеуге мүмкіндік бар. Алдын ала жасалған мөлшерлемелерден кеткен ауытқулардың кесірінен автожолдың есептік пайдалану мерзімі және келесі орташа немесе күрделі жөндеуге қоюға дейінгі уақыт кезеңі айтарлықтай қысқарады. Осыған байланысты Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті тапсырыс берушіге анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпараттық хат жолдап, онда көрсетілгендер орындалды. Жұмыс тобы бизнес субъектілерінің қызметіне араласпау туралы заң талаптарын сақтай отырып, жол құрылысы нысандарына мониторинг жүргізуді алдағы кезде де жалғастыра бермек.

Алматы облысы



«АГРОСАУАТ» — ЖЕМІСТІ ЖОБАНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мен «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев Жамбыл облысына барып, «Қарызсыз қоғам» жобасы аясындағы атқарылып жатқан жұмыспен танысты.



Биыл сәуір айында партия бастамасымен Жамбыл облысы Меркі ауданында «Агросауат» агробиліктілік орталығы ашылды. Онда егін, құс және мал шаруашылығын жүргізуге қатысты теориялық және тәжірибелік курстарды ақысыз негізде оқыту жұмысы ұйымдастырылды. Тамара Дүйсенова бұл бастаманы жоғары бағалап, оны ары қарай кеңінен тарату мүмкіндігін қарастыру қажет екенін айтты.

«Банктерге қарызданған, есепшоты бұғатталған адамдарды «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында оқытып, олардың өз кәсібін ашуына және берешегінен құтылуына мүмкіндік жасалуда. Бұл жобаны жалғастырамыз. Бұл үшін оқу корпустары ашылады. Сол корпусқа ірі кәсіпкерлер тәжірибе жүзінде де оқытуды мойнына алып, өзге өңірлерге таратуымыз. Тығырыққа тірелгендерге «АМАНАТ» партиясы демеушілермен бірге тауарлық несиені беріп, өнімін сатуға көмектеседі», — деді Тамара Дүйсенова.

Бұл ретте вице-премьер тауарлық несиені беру механизмін жетілдіру қажет екенін айтты, тауарлық несиені беруші мен алушы арасында сақтандыру енгізуді ұсынды.

«Қарызсыз қоғам» жобасының авторы, «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев барлық ауылға скрининг жасалғанын, Меркі ауданында 9 бағытта кәсіп бастауға болатынын жеткізді. Жанандан ашылған «Агросауат» орталығында несиені төлеу мерзімін 90 күннен астам кешіктіргенде басымдық беріледі.

«Себебі олар «Ауыл аманаты» секілді мемлекеттік бағдарламаға қатыса алмай-

ды, несиені берілмейді, «қара тізімге» енген. Мұндай азаматтардың саны саны елімізде 1,5 миллионнан асты, бұл үлкен әлеуметтік мәселе деп есептейміз. Соған байланысты «Ауыл аманаты» мен «Қарызсыз қоғам»



бағдарламаларын ұштастыруды ұйғардық. Мысалы, бір қатысушының мойнында 8 несиені бар, оған қаржылай несиені берілмегенін, 5 күн оқытып, тамшылап суару жүйесі, пленка және 10 мың қошет түрінде тауарлық несиені бердік. Осылай қолдау көрсетпесек, өздігінен қарызынан құтыла алмайды», деп түсіндірді Э.Жұмағазиев.

Жоба қатысушылары өндірген өнімдерді сату және өңдеу мәселесі де жолға қойылған. Борышкер тапқан табыстың 50 пайызын кешіккен несиені жабуға жұмсай алады, ал 25 пайызы тауарлық несиені жа-

буға жұмсалса, қалған 25 пайызы — өзіне қалады.

«Біздің ойымызша, қарызын өтей алмай жүргендерге «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында тауарлық несиені берілуі керек. Сосын өнімдерді өндейтін кәсіпорындар керек. Қазір өнім күйінде сатылып жатыр, қосымша құнын өтейтіндей тауар өндіріп жатқан жоқпыз. Соған байланысты осы жоба аясында көршілес Т.Рысқұлов ауданында құлпынай, танқурай өндейтін цех аштық. Ең басты мәселе — технологиялық талаптарды сақтай отырып, тауар өндіру және табыс табу», — деді партия Хатшысы.

Бүгінде «Агросауат» оқу орталығында 130 адам дәріс алып, олар мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, құлпынай, танқурай егу секілді түрлі бағыттарды тандаған.

«Мұнда еш іріктеу жүргізілмейді, орталық туралы естіген, оқуға ниетті адамдар келеді және арнайы топ құрылады. Тыңдаушылар бірден кәсіп бастап кетпейді, өз бағыттарын, неге икемі барын нақтылайды. Бүгінде құлпынай бағыты бойынша кооператив құрылды, джем, тосап жасайтын кішігірім цех ашылды. Тізбек толық жабылды деуге болады. Енді тігін цехы, жартылай фабрикат секілді басқа да бағыттарды қолға аламыз, жобаның ауқымын кеңейтеміз. Сарапшы сүйемелдеген жү-

мыстардың нәтижелі болатынын көріп отырмыз», — деді «Агросауат» оқу орталығының жетекшісі Айман Ақынбекова.

«Қарызсыз қоғам» жобасының қатысушысы, «Агросауат» орталығының түлегі Талантбек Соқушбаев мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отыр. Бала күтіміне байланысты несиені алуға тура келген және шалғайға жұмыс істеуге шыға алмаған.

«Бұған дейін өзге калаларда вахтада жұмыс істедім, сауда-саттықпен айналыстым, зауыттарда еңбек еттім. Бала өскен сайын үйден шығу қиындады, сонда көр-



шімнің жерін жалға алып танқурай өсіруді бастадым. Әрине, алғашында оңай болмады, алатын өнім ауа райына тікелей байланысты. Биыл көктемде жоба туралы естіп, құлпынай бағытына жазылдым. Орталық керекті жабдықтардың бәрін әкеп берді. Осылайша, мол өнім алып, біртіндеп қарыз төлеп жатырмын. Ауылда жұмыс көп, тек істейтін адам жоқ. Кейде еңбек қолы жетпейді», — деді жоба қатысушысы Т.Соқушбаев.

Сонымен қатар Тамара Дүйсенова Мойынқұм, Шу және Меркі аудандарына барып, мал шаруашылығын өрістетуге, әсіресе түйе шаруашылығын жүргізуге қолайлы орта бар екенін атап өтті. Алайда мұндағы шаруалар әзірге ет пен шұбат өндірумен шектеліп отыр.

«Үш аудандағы 200-ден астам түйе өсіретін азаматтарды басқа облыстан келген компаниялармен кездестірдік. Онда түйе бағу, сүт алу, сүтті қайда өңдеу мәселелерін қарастырдық. Егер де осы облыс азаматтары қаласа, алматылық кәсіпорын шұбаттан ұнтақ жасайтын цех ашуға дайын. Сол компания ары қарай Қытайға өнім экспорттау мәселесін қарастырады. Бұл — ауылдағы жұмысын жана бастаған қосалқы шаруашылықтарға үлкен мүмкіндік», — деді Т.Дүйсенова.

Сонымен бірге, «Қарызсыз қоғам» және «Ауыл аманаты» жобалары арқылы жеке шаруашылығын дамытып, қарызынан құтылған табысты кейстер көрсетілді

және барлық қатысушылармен кездесу өтті.

Айта кетейік, «Агросауат» — қазақстандықтардың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасының қисынды жалғасы болмақ. Жаңа орталықта жидек өсіру, қант қызылшасын егу, жем-шөп, сүтті ірі қара, етті ірі қара, құс шаруашылығы секілді кәсіп ашып, 150 адамды қарыздан шығару мақсаты қойылған. Қара тізімнен шыққан тұрғындар ары қарай мемлекеттің бизнесті қолдау бағдарламаларына, «Ауыл аманаты» бағдарламасының 2,5 пайыздық несиесіне жүгіне алады.

«Қарызсыз қоғам» жобасы былтыр 2 мамырда басталған болатын. Биыл Президент тапсырмасымен еліміздің барлық 20 өңірінде, оның ішінде Астана, Алматы, Шымкент қалаларында халықты қаржылық сауатқа жаппай оқыту жұмысы ұйымдастырылды.

«Қарызсыз қоғам» жобасына демеушілік көрсететін банктер саны артып келеді. Атап айтқанда, Freedom Bank, Банк Центр Кредит, Halyk Bank, Altyun Bank, Berke Bank, Еуразиялық банк, Forte Bank, Home Credit, Jusan, Nurbank, Bank RBK жобаның серіктесі атанды.

Оқу курсының қатысушыларына ынғайлы болу үшін www.qogamfn.kz онлайн-платформасы әзірленді. Сайт арқылы оқуға жазылып, пайдалы материалдар мен бейне сабақтарды жүктеп алуға болады.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ПАРТИЯ БАҚЫЛАЙДЫ



«АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов облыстық, қалалық филиалдар жанындағы партиялық бақылау комиссияларының мүшелерімен бірге қаладағы бірқатар білім беру ұйымы ғимараттарын жөндеу жұмыстарына мониторинг жүргізді.

Мектеп басшылары мониторингтік топқа жөндеу жұмыстарын таныстырып, жаңа оқу жылына дайындықтары туралы баяндады. Өз кезегінде партия филиалының төрағасы мердігерлерге бірқатар ескерту жасап, оқушыларды тез арада ретке келтіруді тапсырды.

«Жұмыстарды уақытында, сапалы бітіру қажет. Жаңа оқу жылына дейін барлық шаруа мүлтіксіз орындалып, балалардың білім алуына ешқандай кедергі болмауы қажет. Жөндеу

жұмыстары аяқталып, талапқа сай тапсырылуы партия бақылауда ұстайды», — деді төраға Алмасбек Есмаханов.

Айта кетейік, 2024 жылға арналған қаладағы № 222, 253, 211, 212, 217, аудандар бойынша Жалағаш №33, Жанақорған №163, Сырдария №132 — барлығы 8 білім беру ұйымына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Мектептерге күрделі жөндеу жұмыстары басталды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙТІН ДӘСТҮРЛІ АКЦИЯ

«АМАНАТ» партиясының мұрындық болуымен өтетін жыл сайынғы «Баланы мектепке даярлайық!» акциясы 2010 жылы іске қосылған болатын. Бұл игі дәстүр «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында жалғасуда.

Акцияның мақсаты — аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, жетімдер мен әлеуметтік баспана тәрбиеленушілеріне жаңа оқу жылына дайындалуға көмектесу. Қазақстандықтар оқу құралдарын, кеңсе тауарларын немесе қолма-қол ақша беру арқылы, бұл акцияға үлес қоса алады. Барлық жиналған заттар мен қаражат мұқтаж балаларға бағытталады.

Шараға кез келген адам қатыса алады. Дәстүрлі түрде акцияға партия қызметкерлері, БПҰ мүшелері, депутаттар мен белсенділер атсалысады.

Акцияның маңызы сол, ол нақты көмек көрсетіп қана қоймай, аз қамтылған отбасылардың проблемаларына жұртшылықтың назарын аударады, қайырымдылықты насихаттайды және жастарды мұқтаж жандарға көмектесуге деген ұмтылысты оятады.



Ем іздеп енді алысқа сабылмайды

«АМАНАТ» партиясының саяси тұғырнамасында денсаулық сақтау саласындағы кезек күттірмейтін мәселелерді кезек-кезеңімен шешіп, реттестіру басты міндеттердің бірі ретінде белгіленген.

Азаматтардың сапалы медициналық ем қабылдауына мүмкіндік жасауда ауылдық жерлерде фельдшерлік амбулаториялық және медициналық пункттер салу — партияның Сайлауалды бағдарламасының маңызды тармағы болып енгізілген.

Сайлауалды бағдарламаны Түркістан облысында іске асырудың Жол картасына сәйкес, Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округіне қарасты Ынтымақ және Жанадәуір ауылдарында дәрігерлік амбулаториялардың құрылыстары қолға алынды. Ауыл тұрғындары үшін маңызды нысандардың құрылысы биылғы шілде айында басталған. Жоспар бойынша, жаңа ұйымдар алғашқы пациенттерін жыл соңына қарай қабылдайтын болады. Осы күнге дейін аталған ауылдардың тұрғындары ем алу үшін бірнеше шақырым жол жүріп, Лесбек батыр елді мекеніндегі емханаға келуге мәжбүр болатын.

Сондай-ақ партия бекіткен Жол картасына Сауран ауданы Оранғай елді мекенінде 200 орындық оналту орталығы мен психоневрологиялық ауытқуы бар мүгедек балаларға арналған 50 орындық әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы да енгізілген еді. Аталған орталықтардың дайындығы «АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалының жіті бақылауына алынған.

Азаматтарға арнайы қызмет көрсететін бұл ұйымдардағы құрылыс жұмыстарының барысын партияның өңірлік филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қалыма Жантөреева арнайы барып көрді. Құрылысқа тартылған мердігер ұйымдардың өкілдерімен жүздесіп, құрылыс барысындағы түйткілді мәселелерді талқылады, олардың шешілу жолдары қарастырылды.

Биылғы тасқын тарих пен халық алдындағы ұлы сын болды. Ол сынақтан Қазақстан сыр бермей, сынбай, абыроймен өтті. Табиғи апаттың барлық ауыртпалығын жалғыз төтенше жағдайлар қызметіне артып қоймай, оны еңсеруге, елге көмекке «АМАНАТ» партиясы бастаған еліміздің барлық саяси күші, ұлттық армия, бизнес, еріктілер, жергілікті тұрғындар – бәрі тартылды. Баршасы жұмыла жұмыс істеу арқылы жаһанға елдік пен бірліктің, берекелі тірліктің, жарқын жасампаздықтың үлгісін көрсетті.



СЫН САҒАТТА СЫР БЕРМЕЙ, СҮРІНБЕДІК...

Айхан ШӘРІП

КАМҚОРЛЫҚ ХАЛЫҚТЫҢ КӨҢІЛІН МАРҚАЙТТЫ

Еліміз осы арқылы ынтымағы ұйыған, бүтін, бір екенін паш етті. Халықаралық қоғамдастық Қазақ елінің қыранға тән құрыштай ерік-жігеріне куә болды.

2024 жылғы тасқын кезінде елімізде 34,8 мыңнан тұрғын жай су астында қалып, қирады. 100 мыңнан астам қазақстандық үйсіз-күйсіз қалды. Мемлекеттің камқорлығы арқасында халық қиындықты еркін, едел-жедел еңсерді.

Үкімет биылғы қарғын судан келген зардаптың қорытындыларын шығарды. Су тасқыны басталғалы барлығы 12 086 тұрғын үй және 22 723 саяжай су астында қалған екен. Жалпы саны – 34 809 баспана.

Арнайы комиссия зардап шеккен өңірлерді аралап, тексере келе, олардың 19 342-сін – адамдар тұрақты тұратын және иесінің жалғыз баспанасы болып саналатын үйлер мен саяжайлар деп тапқан екен. Осы 19 342 объект бойынша бағалау 100% аяқталды. Қорытындысында, ең көп зардап шеккен баспана келесі өңірлерге тиесілі болып шықты: Батыс Қазақстан облысы – 5 927, Ақтөбе облысы – 4 087, Солтүстік Қазақстан облысы – 4 001, Атырау облысы – 2 674, Қостанай облысы – 1 283, Ақмола облысы – 1 265 тұрғын үй және басқасы.

Комиссия бағалау қорытындылары бойынша 9 243 үйді жөндеуге болады деп таныды. Олардың бәрін қалпына келтіру шығыны шамамен 271,6 миллиард тенгеге түспек.

Ал, 8 578 баспананы қызыл су іргетасымен жұлып алып, шайып кеткен, не қабырғаларын қиратып, төбесін ортасына түсіріп, қатты бүлдірген. Тиісінше, олар қалпына келтірілмейді, сүріп тасталады. Сондықтан 8,5 мыңнан астам тұрғын үйді мекен еткен отбасыларға 3 таңдау ұсынылды. Біріншісі –

ауылдағы төрт бөлмелі үйінің сонау 1979 жылы салынғанын айтты.

–Бұл үйді «завхоз» (шаруашылық менгерушісі – ред.) болғанда берген-тін. 90-шы жылдары Үкімет оны тегін жекешелендіруге рұқсат етті. Содан бері әбден көнеріп, апатты жағдайда жетті, жұбайыммен жылда жамап-жасқап, ұстап тұратынбыз. Сәуірде ол үйді су ағызып әкетті. Бүгінде Үкіметтің қолдауы арқасында бес бөлмелі жаңа үйге қол жеткізіп отырмыз. Ішінде барлық сантехникасы, асүй плитасы бар. Тіпті тоңазытқыш пен теледидарды сыйға тартты. Балаларым Ресейде тұрады, жылда шақыратын. Қызымның ресейлік Ор қаласының шетіндегі үйі су астында қалды, билігі өтемақы ретінде бар-жоғы 20 мың рубль беріпті. Үйсіз қалған ол Қазақстанға оралып, қолымызда тұратын болды. Қазақстанға риза, мәз болып, көңіліміз марқайған жағдайдамыз, – деді Людмила.

ЖҰРТҚА ҰСЫНЫЛҒАН ЖЕТІ ИГІЛІК

Қазіргі уақытта барлық облыста тұрғын үй мен саяжай құрылысын тексеру және бағалау жұмысы толығымен аяқталды. Енді Үкімет күш-жігерін су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қолдауға, сондай-ақ тұрғын үйді жөндеу және жаңадан салу жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстауға шоғырландырды. Ресми мәліметке жүгінсек, шілде айының қорытындысында қарғын судан зардап шеккен қазақстандықтарға 4 790-нан астам жаңадан тұрғызылған немесе нарықтан сатып алынған үй мен пәтерлер табысталып болды.

Бұл ретте мемлекеттік қолдау бірнеше бағытта жүргізіледі. Біріншіден,

(517), Ақмола (273), Қостанай (153), Атырау (80) облыстарында қызды.

Оның ішінде өңірлерде 323-інің құрылысы толық аяқталды және кілті иелеріне табыс етілді. Солтүстік Қазақстан облысында – 235 отбасы, Қостанай облысында – 57, Ақтөбе облысында – 26, Павлодар облысында – 5 отбасы жаңа үйдің кілтін алды. Үкіметтің сендіруінше, су астында қалған елді мекендерде күзге дейін барлығы 2 568 үй салып, тапсыру жоспарланған, жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр.

Премьер-Министр Олжас Бектенов тұрғын үйді қалпына келтіруді жеделдету үшін барлық шара қабылданғанын айтты. Әкімдіктер қажетті қаржымен толық қамтамасыз етілді, салынатын үйлердің үлгілік жобалары бекітілді. Бірақ кейбір өңірде құрылыстың жұмыс кестесінен 15-25 күнге артта қалушылығы тіркелген. Президент тапсырмасы уақытылы орындалуы үшін әкімдерге әрбір нысанға адамдар мен техниканы жете жұмылдыру тапсырылды. Бектеновтың айтуынша, өңір әкімдері үйлердің сапасына басымен жауап беретін болады. Ертен жаңа үйлер шіріп, көк басып жататын болмауы тиіс, асығу кезінде құрылыс нормаларының бұзылуына жол бермеуі керек.

Үшіншіден, Үкімет тасқыннан зардап шеккен 34 068 отбасыға (барлығы 35 957 өтініш түскен) 100 АЕК (369 200 мың тенге) көлемінде біржолғы

бөлігі суға кетіп, өлгеніне шағымданды. Төрт түліктің суға ағып бара жатқан немесе қарны ісіп, теңкііп жатқан өлекселері бейнеленген видеолар әлеуметтік желіде таралды. Мемлекет суға кеткен мал үшін жалпы сомасы 2,8 миллиард тенге өтемақы төледі.

Тарата кетсек, Қостанай облысында – 3 520 бас малға 1 миллиард 400 миллион тенге, Ақтөбе облысында – 4 664 басқа 1 миллиард 98 миллион тенге, Атырау облысында – 1 583 басқа 178,6 миллион тенге, Батыс Қазақстан облысында – 1 104 бас малға 134,7 миллион тенге бөлінді.

Жетіншіден, Қазақстан қарғын судан зардап шеккен бизнеске келтірілген шығынды да өтеу жолдарын қарастырды. Бұл бағытта өңірлік комиссиялар жалпы құны 5,8 миллиард тенге шығынды өтеу үшін 374 өтінімді мақұлдады. Жалпы,

тәртібі туралы ақпарат ала алады. Барлық облыста өңірлік және аудандық комиссиялар жұмыс істейді, бағалаушы компаниялар да айқындалды. Өңірлік комиссиялар зардап шеккен шағын және орта бизнестің тізімін жасады. Оларды тегіс тексеру, объектілерді бағалау жүргізіліп, залалдың нақты сомалары айқындалып жатыр, – деп хабарлады Мәжіліске жауап хатында Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

Арқырап аққан суды далаға өткізіп жіберу үшін бұзылған жергілікті жолдарды жөндеуге және реконструкциялауға Үкімет резервінен 22,7 миллиард тенге бөлінді. Өңірлерде қарғын судан зақымданған мектептерді қалпына келтіруге 7,5 млрд тенге бағытталды. Барлық мектеп оқу жылы басталғанға дейін қалпына келтірілуі тиіс.

ТАСҚЫН ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙ МЕ?

Биылғыдай төтенше жағдай қайталанбауы үшін мемлекет қамсыз отыр-мағаны жөн. Осы орайда қарғын су саладағы жасырулы келген көптеген проблеманы «жаланаштады». Мысалы, ернеуінен тасып, іргесіндегі елді мекендерге қауіп төндіруі мүмкін су қоймаларында, ірі өзен-көлдерде су деңгейін бақылау автоматтандырылмаған, бекеттер жеткіліксіз. Салдарынан, әкімдердің өткен ғасырдай көктемде су жағасын көзбен шолуы үшін адам аттандырып, кезекшілік ұйымдастырып жүргені ұят.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің мә-

ліметінше, ауа райы болжамдары мен гидрология деректерінің дәлдігін қамтамасыз ету үшін қосымша 114 метеорология стансасын, 167 агрометеорология бекетін, 139 гидрология бекетін және 143 экология бекетін ашу қажет.

Осыған байланысты Экология министрлігі Қазақстанның Ұлттық гидрометеорология қызметін дамытудың және жаңғыртудың 2025-2030 жылдарға арналған бағдарламасын әзірледі. Сондай-ақ биыл «Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде ашу жоспарланып отырған гидрология бекеттерінің тізбесі қайта қаралды.

2030 жылға дейін еліміздің жазық аумақтарындағы мониторингпен қамтылмаған өзендердің су тасу қаупі бар учаскелерінде 42 жаңа гидрологиялық



2024 жылғы тасқын кезінде елімізде 34,8 мыңнан тұрғын жай су астында қалып, қирады. 100 мыңнан астам қазақстандық үйсіз-күйсіз қалып, азап шегіп, босып кете жаздады. Мемлекеттің қамқорлығы арқасында халық ондай зобалаңнан аман қалды, қиындықты еркін, едел-жедел еңсерді.



жакын, іргелес ауыл-аудандарда көшіп, сонда тегін үй ала алады. Екіншісі – облыстың нақты бір қаласына қоныс аударып, сондағы көп қабатты үйлердегі дайын пәтерді иеленеді. Үшіншісі – жайрап қалған ескі үйінің орнына өз ауылында жаңадан салынатын тұрғын үйдің тұрғызылуын күтеді.

Үкіметтің дерегінше, зардап шеккендердің басым көпшілігі алғашқы екі нұсқаны тандапты: оларға қайталама нарықтан 5 986 үй мен пәтер сатып алынады. Қалған отбасыларға үлгілік жоба бойынша 2 576 үй қарқынды түрде бой көтеріп жатыр.

Осы соңғы нұсқаны тандаған адамдардың бірі – солтүстікқазақстандық Людмила Владимировна. Ол өз өмірінде мемлекеттен осымен екінші рет тегін үй алып отырғанын айтып, масайрады. Ол

31 шілдедегі жағдай бойынша нарықтағы баспананы тандағандарға дайын, бірақ барынша жаңа 4 467 үй мен пәтер берілді. Соның ішінде шілде қорытындысында Атырау облысының тұрғындарына – 1 372 тұрғын үй берілсе, СҚО-да – 1 102, БҚО-да – 1 004, Ақтөбе облысында – 447, Қостанай облысында – 315, Ақмола облысында – 219, Қарағанды облысында – 6, Павлодар облысында 2 үй мен пәтер ел игілігіне ұсынылды.

Екіншіден, жоғарыда айтылған үшінші нұсқаны тандағандарға арналып, 2,5 мыңнан астам баспана жаңадан тұрғызылып жатыр. Топан су топалаңынан баспанасыз қалғандар үшін жаңа үй құрылысының көрігі негізінен Батыс Қазақстан (775 үй), Солтүстік Қазақстан (700), Ақтөбе



төлемақы төледі. Жалпы сомасы 12,5 миллиард тенге аударылған.

Төртіншіден, бағалау аяқталған соң, дүние-мүлкіне зақым келген 21 800 отбасыға қосымша 150 АЕК-ке (553 800 тенгеге) дейін төлем жасалды. Бұл қаражатқа олар мысалы, тасқын кезінде жоғалған ең қажетті заттарды, мүлік, жиһаздарды сатып ала алады. Бұл мақсатта Үкімет 9,9 миллиард тенге шығындады.

Бесіншіден, баспанасына су кірген, бірақ қатты бүлінбеген шаңырақтар да мемлекеттің қамқор назарынан тыс қалмапты. Баспанасын жөндеу, құрылыс материалдарын алу және басқасы үшін 8 717 отбасы жалпы сомасы 48,2 миллиард тенге өтемақы алған.

Алтыншыдан, ауылдағы ағайын тасқын кезінде қолындағы малының бір

жергілікті әкімдіктердің алдын ала бағалауынша, су тасқынынан 797 кәсіпкерлік субъектісіне 24,1 миллиард тенге сомасында нұқсан келтірілген. Алайда бармақ басты көз қысты жағдайларды, жемқорлықты болдырмау үшін арнайы комиссиялар бизнес нысанына шын мәнінде су басу салдарынан зақым келгенін нақтылайды. Объектілер бойынша бағалау және сметалық жұмыстар жалғасты. Соның қорытындысында мәселе өңірлік комиссиялардың қарауына шығарылатын болады.

–Зардап шеккен бизнеске келтірілген залалды өтеу жұмысы басталды. «Атамекен» ұлттық палатасында «1432 қауырт желі» жұмыс істейді, әрбір кәсіпкер соған хабарласып, өтемақы және оған қажетті құжаттарды тапсыру

бекет салу жоспарланған. Бұл бекеттер Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Ақмола, Қарағанды облыстарында, Ұлытау өңірінде, сондай-ақ Қытаймен және Ресеймен трансшекаралық өзендерде орналасатын болады.

Жиырмаға жуық жаңа су қоймалары салынып, жаңбыр мен еріген қар суы соларда жиналады.

Өз кезегінде Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі халықты су басу қаупі бар учаскелерден және су қорғау аймақтарынан кезең-кезеңімен көшіру жоспарын әзірледі. Жоспарға сәйкес, биылғы жылдың соңына дейін су тасу қаупі бар учаскелер мен су қорғау аймақтарына таллау жүргізу және сәйкестендіру, сондай-ақ осы аймақтардағы объектілердің тізбесін жасау жоспарланған.

Келесі 2025 жылы пайдаланылмайтын учаскелерді алып қою, оны қаржыландыру көздерін анықтау, осы жер учаскелеріне инженерлік және көліктік инфрақұрылымды тарту, шешімдер қабылдау жөніндегі іс-шаралар жоспарланған. Бүгінде мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда келісімінен өтіп жатыр.

Премьер-министр О.Бектеновтың айтуынша, су басу қаупі бар учаскелерден және су қорғау аймақтарынан халықты көшіру мәселесін Үкімет бақылауына алды. Қалай болғанда, биыл арқыраған тасқынға тосқын қою, баспанасын су басқан халықты қамқорлыққа алу – бірлікті нығайтатын, Қазақстанды жанартағын, өрісін кеңейтетін, жетістігін еселейтін тарихи шараға айналды деуге болады.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) мен Дүниежүзілік банк (ДБ) бытыр елдің қаржылық тұрақтылығына (FSAP) талдау жүргізгеннен кейін Қазақстан билігі мен қаржы нарығына қатысушыларға өз ұсыныстарын жариялаған болатын. Өз кезегінде, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (АРФР) басшысы Мәдина Әбілқасымова Қазақстанның қаржы секторы 29 негізгі Базель қағидатының 22-сіне толық, қалған 7-еуіне ішінара сәйкес келетінін жеткізді. Дегенмен агенттік FSAP бағдарламасының Ұлттық үйлестіруші ретінде көмшіліктерді жоюға кіріскенін хабарлады.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА САПА ҚАЖЕТ



құшейтіп, экономикадағы мемлекет рөлін бәсеңдету қажет деп санайды.

Маусым айында М.Әбілқасымова Қаржы нарығын бағалау қорытындысы бойынша 77 іс-шараны қамтитын Жол картасы құрылғанын, оның 30-ы заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді талап ететінін айтқан еді. Агенттік басшысы оларды 2024-2025 жылдары іске асыру жоспарланып отырғанын айтты. Ал алдағы уақытта FSAP нәтижелері бойынша жетілдіруді қажет ететін жеті ұсыныс мынадай:

- Операциялық тәуелсіздік пен ресурстық нығайтуды қамтамасыз ету;
- Барлық банк конгломераттарын қадағалауды жүзеге асыру;
- Ақпарат беру;
- Капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігін қамтамасыз ету;
- Несиелік тәуекелдерді есепке алу;
- Тәуекелдерді басқару.

Мәдина Әбілқасымова бірінші пунктте агенттік бюджеттік және ресурстық нығайту, сондай-ақ операциялық тәуелсіздікті, қадағалауға жауапты агенттік қызметкерлерін құқықтық қорғауды арттыру ұсынылғанын атап өтті. Оның айтуынша, мұндай кемшіліктер агенттіктің 2019 жылы Ұлттық банкпен бөлінуіне байланысты туындағанын түсіндірді. 2023 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жарлыққа қол қойғаннан кейін агенттік тәуелсіздігі күшейе түскен. Сонымен қатар қазір қадағалау саласында ішкі жасанды интеллектті автоматтандыруды арттыру бойынша жаңа стратегия әзірленіп жатқанын атап өтті.

Сондай-ақ қаржылық тұрақтылықты бағалау кезінде ішінара сәйкессіздік анықталған. Яғни, екінші қағида бойынша қаржылық конгломераттарды бір ортадан қадағалау әлсіз. Агенттік басшысының мәлімдеуінше, бүгінде қажетті нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу аяқталған.

«2024 жылдың бірінші жартыжылдығында талқылау және дауыс беру өткізілді. Агенттік жыл соңына дейін қажетті нормаларды бекітеді және агенттік қаржы секторын шоғырландырылған қадағалауға көшелі деп күтілуде», — деді ол.

Қадағалаудың жөні бір бөлек. Дегенмен ДБ есебінде көрсетілген негізгі жеті қағиданың соңғы пункттерінде экономиканы ілгерілетуге сеп болатын негізгі факторлар сөз болған. Мысалы, елдегі экономикалық өзгерістердің негізгі көзіне айналу үшін Қазақстанның қаржы нарығын әртарапандыру және тереңдету қажеттігіне назар аударылады. Өйткені әртарапандырылған, тұрақты әрі икемді экономикалық модельге сәйкес қаржылық ресурстар ауқымды әрі тиімді жолмен бөлінуі қажет. Ал қазақстандық қаржы секторы елдің ЖІӨ көлеміне шаққанда әлі де аз. Бұл экономиканың осы секторында қаржылық қызметтің саны мен сапасын арттыру үшін айтарлықтай мүмкіндіктер бар екенін білдіреді. Қазақстанда қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, саланың дамуына дем беру сектордағы мемлекет рөлін азайтуға бағытталған реформаларға тікелей байланысты.

Қазіргі кезде мемлекеттің қаржы секторына қатысы күшейіп барады. Оны қаржылық мекемелерді басқару және несиеге субсидия беру секілді соңғы кезде ерекше күш алып келе жатқан үрдістен байқауға болады. Бұл нарықтың өз бетінше дамуына

көмшіліктерді. Сондықтан алдағы уақытта мемлекеттің қаржы секторындағы рөлін теңестіріп, тікелей қолдау тетігінен жанама түрде әсер ету арқылы несие инфрақұрылымындағы кемшіліктерді жоюға күш салу қажет.

Сондай-ақ ДБ үкімет біртіндеп елдегі заңды және жеке тұлғаларға арналған жеңілдетілген пайыздық мөлшерлемеден бас тартып, несие тәуекелдерін мемлекеттік және жеке кредит берушілер арасында тең бөлуі ұсынады. Сонымен қатар жеке бизнесті несиеге кедергі келтіріп отырған құрылымдық мәселелерді шешу қажет. «Бәйтерек» холдингі аясында шоғырланған мемлекеттік несие беру бағдарламалары өзінің түпкілікті клиенттері мен экономика сегменттерін жеткілікті түрде қамти алмағандықтан, толыққанды тиімді бола алмады.

Налық Finance сарапшылары да мұндай байламен келісетінін жеткізді. Себебі бизнеске нарық деңгейінен төмен пайыздық мөлшерлемеден мемлекеттік несие беру нарықтық несиеден өркендеуіне тұсау болып отыр. Олардың пікірінше, жеңілдетілген несие отандық қаржы жүйесінде мынадай мәселелер туындап отыр:

Біріншіден, салада мемлекет тарапынан әділетсіз бәсекелестік қалыптасуда. Екіншіден, оның салдарынан халық пен бизнес арасында нарықтағы пайыздық мөлшерлеме әділетсіз деген түсінік пайда болады. Үшіншіден, ол қаржы жүйесінде өтімділіктің шектен тыс көбеюіне, инфляцияның өсіп, базалық мөлшерлемесін артуына әсер етеді.

Бұл мәселе Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әзірлеген қаржы нарығын дамыту концепциясында да, Ұлттық банктің Ақша-несие саясаты стратегиясында да айтылған. Экономист Мұрат Темірханов Үкімет жеңілдетілген мемлекеттік қаржыландырудың кері әсерін мойындағанымен, әлі де оны шешуді нақты қадамдарын ұсынған жоқ деп есептейді.

Ал Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшысы жоғарыда аталған қаржы секторын бағалау бағдарламасы экономиканы кредиттеуге қатысты реформалардың нәтиже беруіне үлкен үлес қосады деген пікірде.

«Бұл — тәуелсіз бағалау. Ол бізге әлі де бар сәйкессіздіктерді анықтауға мүмкіндік берді. Біздің тарапымыздан анықталған осал тұстарға ерекше назар аударылатын болады. Бұл, ең алдымен, коммерциялық қауіпсіздік желілері, төлем қабілетті банктерді реттеу. Біз агенттік ретінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен қаржы орталығын дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерге қол жеткізу арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуді жалғастыратынымызды атап өткіміз келеді», — деді ол.

Сонымен қатар ХВҚ да Қазақстанға қаржы секторын нығайту жөнінде бірнеше ұсынысын мәлімдеген еді. Олардың қатарында мемлекеттік қаржы институттары мен реттеушілер арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды жанарту, дағдарыстық жағдайларда өткізу және стрестік жағдайларда нақты іс-қимыл жоспарларын әзірлеу бар. Сондай-ақ ХВҚ мемлекеттің қаржы секторындағы рөлін қайта қарауды ұсынды.

Кәмила ЕРКІН

Дүниежүзілік банк есебі еліміздің қазіргі экономикалық даму моделіне қысқаша баға берумен басталады.

«Қазақстанның ұзақмерзімді экономикалық перспективасы экономиканы әртарапандыруға тікелей байланысты. Қазіргі табиғи ресурстарға және мемлекеттік басқаруға негізделген даму моделі өз шегіне жетті. Нәтижесінде, Қазақстан үшін «орташа табыс қақпанында» қалу қаупі басым», — делінген баяндамада.

Мамандардың пікірінше, «орташа табыс қақпаны» ел экономикасының өсімі баяулап, жан басына шаққанда ЖІӨ бойынша орташа табыс деңгейіне жетіп тоқтап қалған кезде пайда болады. Дамушы елдер жалақы мөлшері көтеріліп, баға бойынша бәсекелестік төмендегенде осындай мәселемен бетпе-бет келеді. Өйткені олар экономикасы дамыған, инновациясы мен өнімділігі жоғары елдермен иық тіресе алмайды. Экономикасы төмен, орташа жалақы мөлшері аз әрі өнеркәсіптік тауар өндірісі арзан елдермен бәсекелесе алмайды.

Налық Finance басқарма басшысының кеңесшісі, экономист Мұрат Темірханов өз зерттеуінде «Қазақстан экономиканы әртарапандырып, өнімділікті арттырудың емес, керісінше, табиғи ресурстардың арқасында табысы орташа елдердің қатарына енген» деген пікірімен бөліседі.

«Әзірге Ұлттық қорда жинақталған мұнай қаражаты Қазақстанның экономикалық даму моделіндегі кемшіліктердің бегін бүркемелеуге жеткілікті. Ұлттық қор қаражатын орнымен қолданбау экономиканың тиімділігі мен өнімділігін төмендететін негізгі проблемалардың шешілуіне себепкер болып отыр», — дейді ол.

Ал ХВҚ Қазақстаннан мұнай экспорты 2030 жылға қарай 17%-ға қысқаруы мүмкін екенін атап өтті. Бұл елдің ЖІӨ-нің нақты өсуінің 5,5%-ға төмендеуіне әкелуі мүмкін және валюта бағамы мен инфляцияға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. ЖІӨ өсімі 7,7%-ға төмендеуі ықтимал.

Ел билігі 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің қатарына ену туралы өршіл мақсат қойып отыр. Бірақ мамандар ол үшін экономикалық өсімге жол ашатын жаңа құрылымдық реформалар қажеттігін алға тартуда. Осы тұрғыда ДБ елдегі бәсекелестік пен адами капитал деңгейін арттырып, мемлекеттік сектор мен мекемелердің жұмысын қайта қарауға кеңес береді. Сондай-ақ мемлекеттік институтты

САНАНЫҢ СЕРГЕКТИГІ АЛАЯҚТАН САҚТАЙДЫ

қаржылық пирамидаға тіркеліп, 720 млн теңге шығынға батса, биыл жыл басынан бергі 6 айда 690 жәбірленуші қаржылық пирамиданың құрбаны болған. Олар айдың-күннің аманында 423 млн теңгесінен айырылып отыр.

Бұл туралы Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Бақыт Қайшыбеков өңірлік коммуникация алаңында берген баспасөз конференциясында атап өтті.

Экономикалық тергеп-тексеру департаментінде жүргізіліп жатқан істің барлығы электронды форматта тіркеліп, тергеледі. Департамент мәліметіне сүйенер болсақ, жыл басынан бері қаржылық пирамидаларды құрудың үш оқиғасы тіркелген. Оның екеуіне қатысты сот үкімі шығып, алаяқтық схема жасаушылар бас бостандығынан айырылған. Ал бір іс өндірісте қаралауда. Өкініштісі, көлеңкелі экономикаға құмартатындардың басым көпшілігі әйелдер екен. «Олар аз көлемде ақша беріп, бірнеше уақытта миллионер боласын деген сөзге тез сеніп қалады» дейді мамандар. Сондықтан білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарында да қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша семинар-тренингтер жиі ұйымдастырылады.

— Президент тапсырмасына сәйкес, көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, заңсыз жолмен табылған мүлікті қайтару бойынша жұмыстар атқарылууда. Қаржылық пирамида — алаяқтар ойлап тапқан жобалар. Бір қарағанда тиімді инвестиция сияқты көрінеді. Онымен күресу үшін Экономикалық тергеп-тексеру департаменті халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында форумдар мен түрлі конференция ұйымдастырады. Көп ретте алаяқтардың арбауына жастар жиі түседі. Ал түрлі



айланы ұйымдастырушылардың дені — әйелдер. Жыл басынан бері 3 қылмыстық іс анықталып, 2 іс бойынша сот шешімі шықты. «Ақ үй арман» және «Гәп» деген қаржылық пирамидалар анықталды, — дейді Бақыт Қайшыбеков.

Сонымен қатар департамент тарапынан қаржылық пирамиданың құрбаны болудың алдын алу шаралары ұдайы ұйымдастырылып тұрады. Қала көшелерінде және адам көп шоғырланатын және жиналатын жерлерде 9 баннер қойылып, 10 ЛЕД-экран орнатылған. Департамент басшысы «Абайлаңыз: қаржылық пирамида» тақырыбы бойынша бейнеролик жасалып, кинотеатрда киносеанс алдында көрсетіліп жатқанын, одан бөлек 300-ден аса брошюра автобус аялдамаларында, сауда үйлерінде, базарларда ілінгенін атап өтті. Былтырдан бастап қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында жалпы 86 орта білім беру

мектебінде, 2 колледж және 5 университетте сабақтар өткізілген.

Атап өтейік, агенттік жыл басынан бері Telegram мессенджерінде «Байқа, пирамида» деген бот жасап шығарған. Қазіргі уақытта кез келген азамат қандай да бір әлеуметтік желінің немесе сайттың сілтемесін алып, сол ботқа жібере алады. Жауап автоматты түрде келеді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің реестрінде бар-жоғын тек жеке тұлғалар мен сайттарды ғана емес, БИН арқылы компанияларды да тексеріп біліп алуға болады.

Ақпарат ағыны қарқын алған қазіргі шақта интернеттегі заңсыз сайттар мен онлайн-қызметтерден сақтану және олардан жақындарымызды да қорғау аса өзекті болып тұр.

Шымкент қаласы

Қазір алаяқтықтың сан алуан түрі бар, тіпті тәжірибелі, ақылды адамдардың өзі оның құрбаны болып жатыр. Алаяқтармен күресудегі басты ереже — сақтық пен сананың сергектігі.

Назгүл НАЗАРБЕК

Бүгінде халықтың қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігі салдарынан пирамидалық ұйымдар ұсынған қомақты табыс пен жылдам орындалатын уәделерге көзсіз сену үлкен шығынға батыруда. Мәселен, Шымкент қаласында 2023 жылы 960 адам

Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктілік статистикасының артуы алаңдатарлық жағдайға жетіп отыр. Бүгінде көмелет жасқа толмаған қыздар арасында жүкті болып, жасанды түсік тастайтындар мен ерте ана болатындар саны өсіп барады.

ҰЛТ ТӘРБИЕСІ ҰЯТТАН ҚҰТҚАРАДЫ



өрімдей жастарға сауатты, салауатты тәрбие мен білім беру — ең басты міндет. Алайда «Әй дейтін әже, қой дейтін жожа» жоқ па, неліктен жасөспірімдер арасында жүктілік статистикасы жаға ұстатарлық жағдайға жетіп отыр? Мамандар ерте жүктіліктің басты себебі сауатсыздық деген уәж айтады.

ҚОҒАМ БОЛЫП КҮРЕСКЕНІМІЗ ЖӨН

Елімізде 12-15 жас аралығындағы, тіпті 10 жастағы қыз баланың жүкті болып қалғаны туралы статистика бар. Ал 14 жастағы жасөспірімдердің 10%-ы, 15-17 жастағы жасөспірімдердің 21%-ы кемінде бір рет жыныстық қатынаста болған. Салдарынан 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдердің 16,7%-ы кемінде бір рет жүкті болған, олардың ішінде 62%-ы босанған, 22%-ы жасанды түсік жасатқан болса, 16%-ында жүктілік өздігінен түсік тастаумен аяқталған.

трапеция әдістері туралы хабарлар болмауы жасөспірімдердің денсаулығына кері әсерін тигізіп отыр. Егер алдын алу жұмыстары жүрмесе, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының нашарлауына алып келеді. Жауапкершілікті әр адам өзі сезінуі шарт. Ата-ана мен ұстазға міндет артпай, қоғам болып күресуіміз керек, — дейді Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқарма басшысының орынбасары Жанета Нұрманбетова.

ЕРТЕ ЖҮКТІЛІК — СУИЦИДТІҢ СЕБЕБІ

Жүкті болмаудың бірден-бір жолы көмелет жасқа толмай, мүлдем жыныстық қатынасқа түспеу десек, күлкісі келетіндер де табылады арамдыдан. Сондықтан балаларды ерте жастан жыныстық сауаттылыққа баулу қажет. Ұят деп бұл тақырыпты қозғамаудың түбі жасқылыққа әкелмейді дейді мамандар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сарапшылары да жасөспірімдер жүктілігі білім деңгейі немесе экономикалық жағдайы төмен халықтар арасында жиі кездесетінін айтады.

— Ерте жүктіліктің себептері өз еркімен немесе зорлық-зомбылықтың салдарынан болуы мүмкін. Жасөспірім қыздың ағзасы психологиялық және физиологиялық тұрғыдан жүктілікті көтеруге әлі бейімделмеген. Статистикаға сәйкес, жасөспірімдер арасында мың қыздың үшеуі түсік жасатады. Оған дәрігер-гинеколог ретінде өзім күәмін, — дейді гинеколог дәрігер Гүлжанар Макашева.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, бір рет түсік жасатқан анандан туған сәбидің көбі гематологиялық ауруға шалдығып, тумай жатып мүгедек

— Көбіне жүкті болған жасөспірім қыз дәрігерлердің кеңесіне жүгінбестен, орынсыз жүктілікті қалай да болдырмау мақсатында, сенімсіз ақпараттарды кездесіп естіп алып, әртүрлі дәрі-дәрмекті ішіп, тампон салып, денсаулығына нұқсан келтіріп, кейін беделулікке ұрынып жатады. Тіпті, суицидке де барады. Соларды болдырмау үшін жасөспіріммен психологиялық тұрғыдан сөйлесіп, бір шешімге келу керек, — дейді гинеколог.

Мамандардың сөзінше, көбіне дәстүрлі құндылықтарға негізделген отбасыларда өскен қыздар үлкендерге жүктілігі туралы айтудан қорқалы, психологиялық тұрғыда ана атануға дайын емес, салдарынан кейбір жағдайда олар өздерін ғана емес, сәбиін де өлімге қиятын кездері болады, бұл өз кезегінде жасөспірімдер суицидтің статистикасына әсер етуші фактордың бірі болуы мүмкін.

ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖҮЙЕЛІ ОҚЫТУ КЕРЕК

2019 жылдан бері мектептерде жаратылыстану, биология сияқты жалпы пәндерге тақырып ретінде адамтану бағытында жыныстық тәрбие курсы арагидік енгізіліп жүр. Алайда нақты бағдарламасы бекітілмегендіктен, кейбір жылдары Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы сынды мекемелердің мамандары мектепте өз дәрістерін оқып, мүшеқап жарнамасын жүргізіп, оқушыларға таратып бергені туралы шу шыққан-тын. Ата-аналар өре түрегеліп, наразы болғаны бар. Бұрын анатомия сабағы 8-сыныптан басталатын болса, енді мамандар бұл пәнді 3-4-сыныптан бастау керектігін ала тартады. Олар 3-4-сыныптан бастап-ақ балаларға жыныстық сауаттылық туралы оқыта беруге болады дейді. Егер 3-4-сыныптағы бала 8-9 жаста деп есептесек, оларды кішкентайынан жыныстық тәрбиеге үйрету туралы ұсынысты қолдайтындар «қазіргі балаларды бұрынғы балалармен салыстырғанда физиологиялық, жыныстық өсіп жетілуі өте ерте әрі тез дамиды» деген уәж айтады.

Жалпы, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын қорғау мақсатында жасөспірімдер мен жастарға тегін білікті медициналық, психологиялық, әлеуметтік және заңгерлік көмек көрсетудің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан көптеген жоба қолға алынған. Мәселен, 2023 жылы МАМ отбасылық құндылықтарды нығайту және отбасы институтын дамыту мақсатында 5 гранттық жоба бекітті. Жоба ерте жүктілік, түсік түсіру, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу және репродуктивті денсаулықты сақтау туралы жасөспірімдердің сауатын арттыруға бағытталған. Атамашы бастаманы жүзеге асыру үшін 350 волонтер оқытылды. Өкінішке қарай, грант есебінен қаржы бөлініп, қолға алынған істің нәтижелі болғаны туралы ақпарат қолымызға түсе қойған жоқ.

бірақ оларды жоғарыға өтірік есеп тапсыру секілді артық жұмысқа жегіп қойған. Қыздармен ашық, онаша сөйлесуге уақыты мұршасы бола бермейді, — деді ұстаз.

Ал журналист Бәлла Орынбетова егер елімізде ерте жүктілік, ерте жыныстық қатынас мәселелері ушыққан болса, қоғамдағы «Он үште отау иесі» деген секілді архаикалық түсініктердің әсері болуы мүмкін екенін айтады.

— Мектепте валеология сабағының сапасы сын көтермейді. Сондай-ақ баланың құқығын бұзу жағдайы көбіне ашық айтылмайды, кейбір инцидент болған жағдайлар «жабулы қазан күйінде» өзара келісім негізінде жабылып қалады. Дегенмен жалпы ерте жыныстық қарым-қатынас немесе ерте жүктілік мәселесінің алдын алуға болады, — дейді Б.Орынбетова.

Оның айтуынша, мектепте жыныстық сауат пәнін оқытатын болса, алдымен педагог маманның да жауапкершілігі мен сауатына мән берілуі керек. Мектепте ғана емес ата-анамен де жұмыс жүргізілуі, қоғамның да пікірі, көзқарасы өзгеруі тиіс.

Алайда мамандардың пікірінше, көптеген ата-ана мектепте жыныстық білім беруді енгізуге қарсы. Біреу мұндай тақырыптарды тек отбасы ішінде талқылау керек деп санайды, ал басқалары бұл әдіспен деп санайды, ал басқалары нақты не және қай жастан бастап балаларды оқытатынын түсінбейді және жанашылдықтан қорқалы. Сондықтан ата-анаға да ұл мен қызға да жыныстық сауат туралы ашық әңгіме айтудың еш сөкеттігі жоқ екенін түсіндіру маңызды болып тұр. Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Назым Жанғазинаның айтуынша, өңірлердегі медициналық мекемелері қыз балалардың анасымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу қажет.

— Жыныстық сауат туралы еш қысылмай, балаларға 11 жастан бастап айта беру керек. «Дене бітімің өзгеріп жатыр. Гормондар дамиды. Бұл — қалыпты жағдай. Одан уялуың қажеті жоқ» деп түсіндірмеген сон, бұдан ақпараты, білімі жоқ ер бала гормон мен эмоцияға жол береді. Сондықтан да бізге ағартушылық-ақпараттық жұмысты күшейту қажет. Біз мектеп бағдарламасына арнайы қосымша пән енгізу жөнінде ұсыныс айттық. Сыныптағы тәрбие сағатында қыздарды ғана тәрбиелеу дұрыс емес. Мұны қызға да, ұлға да бірдей айту керек. Өйткені жыныстық қатынасқа итермелейтін доминант ер бала ғой, — деді ол.

Жалпы, қазақта «Тәрбие басы — тал бесік» деген тәмісіл бар. Егер ерінбей ұлттық тәрбиенің қайнар көздеріне, мөлдір бастауларына үнілер болсақ, жыныстық тәрбиені «жалаңаштамай-ақ», «қыз — қонақ» деп құрақта жатқанда-ақ ұрпақ тәрбиесіне аса сақтықпен қарағанын ұғуға болады. «Қыз тәрбиесі — ұлт

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Соңғы бірнеше жылда 15-18 жас аралығындағы қыздардың бала туу көрсеткіші 50,5 пайызға артқан. Былтыр күзде «Ranking.kz» агенттігі таратқан мәліметке сүйенсек, 2017 жылы 3,4 мың қыз бала босанса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 5,2 мыңға жеткен.

Медициналық көрсеткіштер бойынша 19 жасқа дейінгі жүктілік ерте деп саналады. Соған қарамастан, елімізде жасөспірімдердің 70 пайызы 15 жасқа дейін алғашқы жыныстық қатынасқа түседі. БҰҰ деректері бойынша, Қазақстандағы әрбір алтыншы жүктілік абортпен аяқталады. Ерте жүкті болып қалған жасөспірімдердің 70%-ы жасанды түсік жасатса, 15%-ы өздігінен түсік тастайды. Қыздардың тек 15%-ы ғана сәбиін аман-есен жеткізіп, босана алады. Бұл — өзекті мәселе ғана емес, дабыл қағарлық жағдай. Еуропада бұл статистика әлдеқайда төмен. Біздің елде бесіктен белі шықпай жүкті болатындар саны дамыған елдермен салыстырғанда 6-7 есе көп. Әрине, мәліметтер 2023 жылдың қорытындысына сәйкес жинақталғанымен жайғдай көп оңала қойған жоқ.

АИТВ ЖҮҚТЫРҒАНДАРДЫҢ 40%-Ы — ЖАСӨСПІРІМДЕР

Мамандардың айтуынша, ерте жүктілік немесе көмелет жасқа толмай босану жасөспірімнің физиологиялық және психологиялық дамуына деструктивті әсері бар, денсаулыққа да өте қатерлі кезең саналады. «Ойнап жүріп, от басқан» қыздың жан жарасын да, тән жарасын да емдеп жазу оңай болмайды. Өкініштісі сол, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар — жас қыздарда туындайтын ең басты проблема.

— Алғашқы жыныстық тәжірибені алғаннан кейін екі жыл ішінде жасөспірім қыздардың жартысы жыныстық жолмен берілетін хламидиоз, трихомониаз, гонорея секілді үш аурудың кем дегенде біреуін жұқтырады. Ал 19 жасында және

2019 жылдан бері мектептерде жаратылыстану, биология сияқты жалпы пәндерге тақырып ретінде адамтану бағытында жыныстық тәрбие курсы арагидік енгізіліп жүр. Алайда нақты бағдарламасы бекітілмегендіктен, қайбір жылдары Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы сынды мекемелердің мамандары мектепте өз дәрістерін оқып, мүшеқап жарнамасын жүргізіп, оқушыларға таратып бергені туралы шу шыққан-тын.

одан кейін жыныстық қатынасты бастағандарға қарағанда, 15 жасында жыныстық қатынасқа түскен қыздарда жатыр мойны обьры 2 есе жиі кездеседі. Себебі жыныстық өмірді бастағанда, жасөспірімдерде қажетті ақпарат толық болмайды, сондықтан жыныстық жолмен берілетін инфекциялар қауіп күшейеді. Олар қандай контрацептивтерді қолдану керектігін және дәрігерге қашан бару керектігін білмейді. Кездейсоқ жыныстық қатынас кезінде репродуктивті денсаулыққа аса зиянды жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды жұқтыру жиі кездеседі. Олар жыныс мүшелерінің ауыр қабынуын, олардың функциясының бұзылуын тудырады, кейде хирургиялық емдеуді қажет ететін қабана ісіктері пайда болады, — дейді Астана қаласы бойынша «AMANAT» партиясы филиалы жанындағы Әйелдер қанатының төрағасы Салтанат Дженалаева.

Егер статистиканы сөйлетер болсақ, елімізде 21 мың АИТВ (ВИЧ) жұқтырған адам болса, соның 40%-ы — 15-29 жас аралығындағы жастар. Сондай-ақ акушер-гинеколог Галина Гребенникованың айтуынша, 15 жаста аяғы ауыр болған бойжеткендердің қайтыс болу қаупі ересектерге қарағанда 20 есе көп.

— 15 пен 19 жас аралығындағы қазақстандықтардың үштен бірі белсенді жыныстық өмір сүреді. Сонымен қатар осы жастағы сауалнамаға қатысқан жасөспірімдердің 91%-ы АИТВ туралы жеткілікті білмейді, 65%-ы жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды емдеу керек екенін түсінбейді, 47%-ы түсік түсірудің қауіпті салдарын ұқпайды және 20%-ы қорғалмаған жыныстық қатынасқа түседі, — дейді Салтанат Мұқанбетпанақызы.

Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Сүлейменова келтірген деректерге сәйкес, елімізде 18 жасқа дейінгі балалар саны 7 миллионға жуық, оның 51,3%-ы — ұл, 48,7%-ы — қыз. Еліміздің жарқын болашағы, Отанымыздың қорғаны саналатын бұл



болды немесе туысымен шетінеп кетеді. Мәселен, статистика бойынша беделулік диагнозы қойылатын 100 әйелдің 75-сінде оның бірден-бір себебі алғашқы жүктілікте жасатқан түсік болып саналады. Ерте жүктілік салдарынан бір рет түсік жасатқан ағзада жүктіліктің асқинуы жиілеп және кейінгі босануларда қан кету, уақытынан бұрын босану 2 есе артады, кейде қайта бала көтере алмай секілді зардаптары да шаш етекпен. Ал дүниежүзінде түсік тастаудың асқинуы салдарынан жыл сайын 500 000-ға жуық әйел қайтыс болады екен.

Тарих пәні мұғалімі Өмір Шыныбек, алдымен, мамандар мектептегі тәрбие жоспарына нақты нәні енгізу керек, нәні енгізудің қажеті жоқ, соны нақтылап алса дейді.

— Жасөспірімдер жүктілігі бұрын да болған, келешекте де бұл мәселені айналып өте алмаймыз. Бүгінде үлкен проблемаға айналуының себебі ашық ақпараттың көптігінен деп ойлаймын. Бұрын мектептерде қыздар кеңесі деген болатын. Әрбір сынып жетекшісі қыздармен онаша сынып сағаты секілді арнайы сабақ өтетін. Қазір де сынып жетекшілері бар,

тәрбиесі» деген қағиданы заман талабына сай бейімдеп, жеткіншектің жетесіне жеткізе алатын аналар қалай жыныстық қатынасқа түсу емес, керісінше ғасырлар тезінен өткен қазақы биязы ұғымдарға акцент бері отырып, бала тәрбиесін қолға алуы керек сияқты. Психолог Зарина Қаһарманның айтуынша, ата-анасымен жылы қарым-қатынас орнатқан болса, бала назарды сырттан іздемейді. Сенімге негізделген әңгіме, жанұядағы бір-біріне деген жылы көзқарас, мейірім — осының бәрі қыз баланың тікелей психологиясына әсер ететінін ұмытпау қажет...

Түркістан облыстық жастар орталығының ұйымдастыруымен республикалық «Zhas Camp. Jastar Academy II» атты жастар лагері өз мәресіне жетті. Лагер жұмысына еліміздің барлық өңірінен 300 белсенді жас қатысты. Іс-шара «Адал азамат» тұжырымдамасын ілгерілету аясында ұйымдастырылды.

Назгүл НАЗАРБЕК

Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Камбаров пен Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев іс-шараға арнайы қатысып, еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған көшбасшы жастармен еркін форматта кездесті. Онда тележүргізуші, актер Дәулет Бижанов модераторлық етті. «Адал азамат» тұжырымдамасын ілгерілетудегі әріптестік: жастар мен мемлекет» диалогтық алаңында бірге өзекті тақырыптарды қозғап, пікір алмасты. Облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев әр өңірден келген жастарға белсенділік танытқаны үшін алғысын білдіріп, жастар бастамасын әрқашан қолдауға дайын екенін жеткізді.

— Түркістан өңірінде өздеріңіздей белсенді жастармен жүздесіп отырғаныма қуаныштымын. Қазақтың төбе биінін атымен аталатын аймақта еліміздің көшбасшы, белсенді жастары жиналып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет» деген болатын. Қазір жастар үшін мүм-



ЖАСТАР ЛАГЕРІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

кіндік көп. Колледждер мен университеттерде гранттар қаралған. Кәсіпкерлікпен айналысамын дейтін жастар үшін де жеңілдіктер бар. Ең бастысы, жігерлі болу керек. Жастар — қоғамның қозғаушы күші. Жастардың сапалы білім алумен қатар, спортпен, өнермен шұғылданып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуы — біз үшін ерекше маңызды. Бүгінгі маңызды 3 күндік іс-шара жастардың жүрегіне жалын беріп, түрлі тақырыпта болған

сессиялар өмірлеріңізге жаңа өзгерістер әкеледі деп сенемін, — деді Ертай Кенжебекұлы.

Басқосуда жастар түрлі сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

Үш күнге жоспарланған іс-шараның екінші күні жастар орталықтары басшылары мен қызметкерлеріне «Жастар еңбек жасақтары жұмысының тиімділігін арттыру» және «2025 жылға арналған мемлекеттік жастар саясаты саласының



тақырыптық күнтізбесін әзірлеу» тақырыбында сессиялар өтті. Қатысушыларды белсенділікке, сенімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында тимбилдинг, психологиялық кеңес өткізілді. Оны Komek center тәуелділікті оналту және емдеу орталығының психологі Айсулу Тұрсынбаева мен Түркістан облыстық жастар ресурстық орталығының мамандары жүргізді.

Сонымен қатар елімізге танымал спортшылармен «Спорт — менің өмірімде» атты кездесу өтті. Ашық аспан астында спорт шебері, самбодан үш дүркін әлем чемпионы Арман Оспанов, бокстан халықаралық спорт шебері, әлем чемпионы Біржан Жақыпов, Шымкент қалалық дзюдо федерациясының вице-президенті Алтынбек Абаев, экономист, блогер Сәбит Рысбаев өз тәжірибелерімен бөлісті.

Осы күні облысымыздағы бір жас баспаналы болды. Asar Ume қайырымдылық қоры жас анаға тұрғын үй кілтін табыстап, қуанышқа бөледі.

Шара соңында лагер жұмысына белсенді қатысқан азаматтар мен спорттық ойындардың жеңімпаздары марапатталды. Open Turkistan туристік ақпараттық орталығының қолдауымен әуе шары ұшырылып, концерттік бағдарламамен жалғасты.

Түркістан облысы

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

БУРАБАЙДЫҢ БАСЫНАН «БҮЛТ» КЕТПЕЙ ТҮР

Ерекше табиғаты бар Бурабай жері отандық туризм үшін «жұмақ мекен» болуға әбден лайық. Алайда соңғы жылдары сулу өлкедегі экологиялық ахуал нашарлап бара жатқаны байқалады. Бағасы аспандап тұрса да инфрақұрылымы мен көрсетілетін қызметі ақсап тұрғаны, ең аяғы, қарапайым әжетханалардың жетіспейтіні, тіпті бірнеше шаршы шақырым аумақта мүлдем жоқ екені көпке аян.



болсатып, оның орнына Адалжан Дәлкеевті тағайындаған. Сондай-ақ дәл сол жылдары «Бурабай Тазалық» коммуналдық кәсіпорнын басқарған Виктор Бахмут та жұмыстан босатылған. Жоғарыдағы аталған екі басшы да миллиардтаған қаржы жұмсалып, бірақ толық аяқталмаған құрылысты қабылдаудан бас тартқаны үшін босатылған. Бұдан кейін қалай болған дейсіз ғой. Екі мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның да атауы өзгертіліп, бірден жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналдып шыға келген. Осылайша, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жұмысы тәмамдалып, 200 шақырымнан астам әлі салындып болмаған инженерлік желі пайдалануға берілген.

Біздегі қолда бар мәліметтер бойынша 2014 жылдан бастап күні бүгінге дейін жоспардың күл-талқаны шыққан. Құжаттарда әкімдер мен мемлекеттік органдардың басшылары бірін-бірі лауазымдарда ауыстырған. Ал ешқандай шешім болмаған. Соның салдарынан құрылыстар мен реконструкциялық жұмыстар құрылыс-монтаждау нормаларының өрескел заңбұзушылықтар болған. Жобалық-сметалық құжаттамада ауытқушылықтар бар. Ал нысандағы бірқатар жұмыс тіпті жүргізілмеген де

болып шықты, — дейді «Әділдік жолы» РҚБ Ақмола облыстық өкілдігінің жетекшісі Ерлаз Жайықбаев.

Соракысы сол, аталған қабылданған нысандар одан кейін кәсіпорындардың теңгеріміне қабылдауға шаралар жасалған. 2018 жылы кәсіпорын Президент әкімшілігі мен облыс прокуратурасына өтініші негізінде облыс әкімдігімен аудан әкімдігінің әрекетінің заңдылығына тексеріс жүргізілген. Нәтижесінде, 2017 жылдың 26 қыркүйегіндегі «Мүлікті қабылдау туралы» № А-10/362 және 2018 жылдың 26 ақпанындағы «Мүлікті теңгерімге бекіту туралы» № А-3/69 шығарылған қаулылар алынып тасталған.

Дегенмен осыған дейін болған заңбұзушылықтардың бәрі кәсіпорынның мойнына ілініп тасталған. Кәріз жүйесінің реконструкциясына жұмсалған 194 156 812 теңге сомасындағы, оның ішінде теңгерім иесі ауданның ТҮКШ бөлімі болып табылатын ғимаратқа жұмсалған 65 миллион теңгеден астам шығын жоғарыдағы коммуналдық кәсіпорынға таңылған.

Қазіргі уақытта Шучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың үшінші кезеңі мәселесі аса күрделі мәселеге айналған. Жоспар 4 бөлімге бөлініп, 34 шараны қамтуы тиіс болған. Жалпы

бюджет қоры 61 миллиард теңгеден асып жығылған. Мұндағы негізгі орындаушылар Ақмола облысының әкімдігі, Ішкі істер, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Мәдениет және спорт министрліктері болады. Жоғарыдағы сомандар қаражатқа су құбыры мен кәріз желілерінің құрылысының өзіне ғана 17 миллиард теңгені игеру жоспарланады. Бірінші бөлімдегі 17 тармақтың 11-ін жүзеге асыру қорытындысы бойынша аймақ тұрғындары 380 шақырымнан астам желіге қол жеткізуі тиіс болған. Алайда іс жүзінде сатып алынған 11-нің де бірде-бірі орындалмаған.

Қатаркөл кәріз сорғы стансасы коксы пен суға толып қалған. Стансаның кәрізі барлық нормалар бұзылып жасалған. Бұзылған кәріз жүйесінің үстіне жана асфальт төсел тасталған болып шықты. Аталған кәріз жүйесі бір күн де жұмыс істемеген. Мемлекеттік сатып алу порталында табылған қаражат сомасы 13 миллиард теңгеден асып жығылды. Көп келісімшартта тіпті орындалған жұмыс актілері де болмай шықты. Актілер бойынша 2 миллиард теңгеден астам қаражат төленген. Қазір қолданылып жатқан сонау өткен ғасырдың 80 жылдары салынған кәріз жүйелері толықтай тозғанын атап өту керек. Ал жаңадан салынған желілер жарамсыз күйде қалған. Мұнымен қоса, қолда бар ақпараттарға сәйкес биыл бірде-бір мәрте жұмыс істемеген кәріз жүйелеріне реконструкциялауға қызметін алуға қаражат бөлу жоспарланыпты. Бурабай ауданында құрылыс бөлімінде «Шучинск қаласының тазарту қондырғыларын Қатаркөл коллекторына жалғау желілері құрылысына жобалық-сметалық



Кәріздік тазарту қондырғыларының арықтарды тазартудың технологиялық регламентін сақтауға арналған блоктары жобалық қуаты тәуелігіне 17 000 текше метр болғанымен, іс жүзінде 10 мың текше метрге келгенде биологиялық тазартуға қауқарсыз болып шықты.

құжаттамаларын жасау» делінген өтінімді қабылдау жүріп жатыр. Аталған коллекторды әкімдік әлдеқашан пайдалануға беріп қойған. Бірақ іс жүзінде оның құрылысы аяқталмаған, — дейді Ерлаз Жайықбаев.

Зерделенген басқа да нысандарда құрылыс жұмыстары сиырқұйымшақтанып, орта жолда аяқтаусыз қалдырылған болып шықты. Мәселен, Бурабай кенті

тазарту қондырғыларының құрылысына жобалық-сметалық құжаттама жасалуына келмейді. Аталған тазарту қондырғыларының пайдалануға беру мерзімінің өзіне 10 жылға жуықтап қалған. Құрылыс желіге қосылмаған, коллекторы мүлдем жоқ болып шықты. Іс жүзінде миллиардтар бөлінген аймақта техногендік апаттық жағдайға жетіп жығылған. Кәріз жүйесіндегі келенсіздіктер мен апаттар қалада ғана емес ұлттық парк аумағында да қалыпты жағдайға айналған. Курорттық аймақтағы қонақ үйлер мен отельдер дренаждық септиктерді қолданғын, оның қалдықтары тағы да қоршаған ортаға кететін болып шықты.

Кәріздік тазарту қондырғыларының арықтарды тазартудың технологиялық регламентін сақтауға арналған блоктары жобалық қуаты тәуелігіне 17 000 текше метр болғанымен, іс жүзінде 10 мың текше метрге келгенде биологиялық тазартуға қауқарсыз болып шықты.

Шучинск-Бурабай курорттық аймағындағы түйткілді мәселелер жақында Бурабай ауданында өткен кеңейтілген жиында тағы бір мәрте көтерілді. Шараға облыс әкімі Марат Ахметжанов, Президенттің іс басқармасы, Бас прокурордың орынбасары, Туризм және спорт, Көлік, Экология және табиғи ресурстар, Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің өкілдері қатысқан. Жиында курорттық аймақты дамытудың кешенді жоспарын жасау және инженерлік-құрылыс жобаларын аяқтау аспектілерін қарастыру назарға алынды.

Облыс әкімі Мемлекет басшысы жүктеген қадау-қадау тапсырмалардың маңыздылығын атап, тиісті шаралардың орындалуына назар аударды. Президенттің іс басқармасы басшысының орынбасары Рустам Баялиев, Шучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытуда мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуін, Туризм министрінің орынбасары Ержан Еркінбаев өңірдің туристік саласында жоспарланған шаралар жөніндегі есептерін ұсынды. Көлік министрі курорттық аймақтағы көліктің инфрақұрылымының даму жолдарын жіпке тізді. Ведомство аймақта жолаушылар тасымалын екі есеге дейін, оның ішінде әуе және теміржол тасымалын көбейтетінін жеткізді.

Облыстың Туризм басқармасының басшысы Андрей Подгурский аяқталмаған инженерлік инфрақұрылымдардың жағдайы, аймақты дамытудағы үш кезең шеңберінде жүзеге асырылатын Бурабай кентіндегі инфрақұрылымдық желілерді өткізу, іс жүзінде құбырларын жаңғырту туралы айтып өтті. Облыс әкімі Бурабай курорттық аймағын дамытуда нақты әрекеттердің ауадай қажеттігін атады.

— Бізге курортты аймақты дамытудың жаңа кешенді жоспары негізінде нақты әрекеттер мен концептуалды жаңа әдістер қажет. Бурабай тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде танымал туристік брендке айналуы тиіс, — деді Марат Ахметжанов.

Қысқасы, түйткілді мәселелерді шешудің жолы тиісті органдардан аса үлкен жауапкершілікті талап ететіні сөзсіз. Бұл орайда істің шешімін табу үшін тиісті жауапты органдардан жұмыстар мен жобаларды орындауда мұқияттылық пен тиянақтылықты қажет етпек.

Ақмола облысы

